

Хаттама № 1

Өткізілген күн: 28. 08. 2023

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесі мүшелері, хатшы

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жопарымен танысу;
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамын сайлау;
3. «Мектепке жол» акциясы;
4. Мектеп формасы;

1 мәселе бойынша мектеп директоры Алиева Г.С. сөз сөйледі. Алдымен Қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеті туралы айтты. Мүшелерінің атқаратын қызметтері туралы да аталды. Мерзімі үш жылға дейін. Түзілген жылдық жоспармен танысып, өзгерістер енгізу керек болса өзгертіп бекіту.

2 мәселе бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22-қазандағы №501 бұйрығының күші жойылып, 2017 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №355 бұйрығына сүйеніп Тайтөбе ауылы ЖОББМ қамқоршылық кеңесі құрылды.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

Төрайымы: Спанова Меруерт Ахатаевна

Демеушілері: Қосшы қалалық маслихат депутаты - Абдрахманов Болат
Үкібайұлы;

«Ясмин» дүкені қожайыны – Муканова Лилия Муратовна;
Жеке кәсіпкер – Байтасова Мейрамгуль Биболовна;

Құрамы: Тайтөбе ауылы мектебінің директоры – Алиева Гүлім Сабитбековна;
Қосшы қаласы полиция бөлімі кәмелет жасқа толмағандар инспекторы
– Ақгүл Алдабергеновна;

Тайтөбе ауылы мешітінің бас имамы – Бекмағамбетов Амангелді
Махмутович;

Тайтөбе ауылы мектебі директорының тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары
– Каепов Ауез Махамбетович;

Мектеп парламентінің президенті 11 «А» сынып оқушысы Ардақ
Алмат;

Хатшы: Тайтөбе ауылы мектебінің тәлімгері – Гаюпова Айгерім
Маратқызы;

3 мәселе 2023 жылдың 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы «Балаларға жақсылық сыйла!» ұранымен өткізілуде. Акция шенберінде көп балалы және аз қамтылған отбасыларының балаларына мектепке бару үшін мектеп формасы және мектепке қажетті оқу құралдары түрінде көмек көрсетіліп жатыр.

Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасы туралы " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 қаңтарда № 31563 болып тіркелді. Көрсетілген

бұйрықпен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:

4- мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды.

✿ Талаптардың мақсаты – міндетті мектеп формасын қолдануда орта білім беру ұйымдарының бірыңғай келісімін қамтамасыз ету, ата-аналардың мектеп формасына жағымды қатынасын қалыптастыру, оқытудың зайырлы сипатын сақтауда оқу орны басшыларының және кеңестердің (қамқоршылық кеңесінің, ата-аналар комитетінің, мектеп парламентінің) жауапкершілігін арттыру.

✿ Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

✿ Қыздардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

✿ Спорттық киім формасы:

Ұлдар мен қыздарға спорттық костюмнен - спорттық шалбар, куртка, футболка;

спорттық аяқ киімнен - кроссовка, кеды;

✿ Балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері мектеп формасын кез келген сауда желісінен сатып алады.

✿ Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдары (бұдан әрі – Басқару органдары) ата-аналарға мектеп формасын отандық мектеп формасын шығаратын өндірушілерден сатып алуды ұсынады. Басқару органдарына мектеп формасының жекелеген өндірушілеріне артықшылық беруге жол берілмейді.


✿ Мектеп формасын сатып алғанда, ата-аналар оның өндірушісін таңдауда тәуелсіз.


а) Білім алушылар ауа райына байланысты екі аяқ киіммен келуі;

б) Мұғалімнің рұқсатынсыз мектепте смартфон ұстауға қатаң тыйым салынады;

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. 2024-2025 оқу жылына кеңестік құрамы іске кіріссін;
3. «Мектепке жол» акциясы жалғасытырылсын;
4. Мектеп формасы сақталынсын;

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы :  Ахатаева М.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Гаюпова А.М